

ТҮРКІСТАН ОҚЛЫСЫ КЕЛЕС АУДАНЫ АДАМИ ӨЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ
«№ 39 Л.ЖОЛДАСОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**«15 қараша – ұлттық валюта күніне» орай
«ӨМІРДЕ ЕҢ МАҢЫЗДЫ АҚША МА?»
ТАҚЫРЫБЫНДА 9 «А», 9 «Ә» СЫНЫПТАР
АРАСЫНДА ӨТЕТІН ПІКІРТАЛАС ЖОСПАРЫ**

2021 – 2022 оқу жылы

Өмірдегі ең маңызды ақша ма? (пікірталас)

Мақсаты: оқушылар бойына ыждағаттылық пен сенімділікті ұялата отырып материалдық және рухани құндылықты бойына сіңірген, ойы ашық бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

«Мифа шабуыл» әдісі. Пікірсайыстың негізгі сұрақтары:

1. Сіз ақшаны есіңізге жиі аласыз ба?
2. Ақша туралы қалай ойлаған жағымды?
3. Ақшаны үнемдеу дегеніміз не?
4. Оқушы үйде нені үнемдей алады?
5. «Көп ақша адамды бұзады» деген сөзді қалай түсінесің?
6. Өмірдегі маңызды нәрсе ақша ма?
7. Ақша өмір сүрудің басты құралы дегенге сенесің бе?
8. Өткен жексенбіде бинго ойынынан 5 миллион теңге ұтып алдыңыз, оны қайда және қалай жұмсар едіңіз?

Кіріспе

Ақшаның өз 7 заңы бар. Физика мен математиканың заңдары сияқты ақшаның өз заңы бар. Джордж Клейсон 1926 жылы жазған «Бабылдағы ең бай адам» деген еңбегінде табысқа жеткен адамдардың ақшаны басқарудағы ортақ 7 тәсілінің бар екенін анықтаған. Қалтаңызда ақша ұстаудан бастаңыз. Ай сайынғы табысыңыздың 10 пайызын сақтаңыз. Шығындарыңыз бақылауда болсын. Ақшаларыңыздың көбеюін қамтамасыз етіңіз. Жинаған ақшаңызды бекерден шашылудан сақтаңыз. Сатып алған затыңыз үйіңізге тек табыс әкелетін болсын. Ақша қажет кезде үйіңізді сатып қарастырудың орнына, сол үйді кепілдікке қойып, банктен ақша алыңыз. Болашақта табыс табудың жолын қарастырыңыз. Жоспарды айларға немесе жылдарға жасаңыз. Ақша табуға деген қабілетіңізді дамытыңыз. Бірнеше табыс көздеріңіз болсын. «Ақша үшін емес, жетістікке жету үшін еңбектеніңіз». Нақты мақсат қойып, бос нәрсеге алаңдамаңыз, денсаулық-зор байлық, денсаулығыңыз мықты, тұрмысыңыз тәртіпті болсын, алдымен рухани бай болыңыз, сонда ғана материалдық байлыққа ие боласыз, білімді болу шарт, көзіңізді ашып қараңыз, батылдық маңызды, тәуекелге бел байлай біліңіз.

Осыған орай қазіргі таңда өмірдің маңыздылығы ақшамен өлшенеді ме? Осы төңіректе өткізілетін пікірталастың маңызы:

I-бөлімі. «Ой түбінде жатқан сөз»

(топбасшысы үйге берілген тақырыпқа сөйкес баяндама оқып, слайдпен қорғайды)

1-топ: «Ұлттық теңгеміз – ел мақтанышымыз!»

2-топ: «Ұлттық теңге – кеше және бүгін»

II-бөлім. «Жүректен шыққан жылы сөз» пікірталас

А) Менде ешқашан көп ақша болған емес, болмайды да ...

Ә) Мен бай болуға лайықтымын!

Б) Мен байлықтан қорқамын, өйткені ол көп бақытсыздық әкеледі.

В) Ақша жетістік қайтарымы

Г) Бақыт ақшада емес ...

III-бөлім «Ой-таным» (оқушылар өз ойын постермен жеткізеді)

А) Ақша дегеніміз – денсаулық ...

Ә) Ақша дегеніміз – материалдық игілік ...

Б) Ақша дегеніміз – қасірет ...

Осы тапсырмалар бойынша оқушылар өз ойларын ашық түрде ортаға салады.

Қорытынды.

«Көп ақша ұйқыны қашырады, аз ақша өмір сүруге мүмкіндік бермейді» Ю.З.Рыбников.

«Ақшаға қамқорлық алдымен нағыз таланттардың, отаншылдық пен жақсылықтың түбіне жетеді» Д.Дидро

Өмір бізге бір-ақ келер, көп келмес,
Шынайы өмір бастамасы дөп келмес
Өмір көркі біле білген адамға,

«Ақша» деген алдамшымен шектелмес.

Оқығандар есіне алсын кей күнін,

Кезсін сосын жеткізбейтін ой түбін

«Ақша» деген-ең қатігез төреші,

Адамзаттың бастамасы дейтұғын

Өмір деген-бар адамға епті емес,

Ғибратты өмір бақытпенен шектелмес

Ақша деген әлсіздердің қаруы

Маңызды өмір ақшаменен өлшенбес-дей отырып бүгінгі
пікірсайсымызды аяқтаймыз. Пікірлеріңізге рахмет!





REDMI NOTE 8
AI QUAD CAMERA